

2022-2023 оқу жылы бойынша

Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты КММ-інің

Нашақорлықтың алдын алу жұмысы бойынша ақпары

2022-2023 оқу жылына нашақорлықтың алдын алу жоспары жасалып бекітілген .

Мақсаты: Жасөспірімдерді салауатты өмір салтының дағдыларына баулып, денсаулығына, адамгершілік қасиетіне, психологиялық тұрғыдан жүйке жүйесіне кері әсерін тигізетін зиянды заттарды қолданудың алдын алуынды іс-шаралар арқылы ұйымдастыру.

Міндеттері:

-Салауатты өмір салтының үлгілік-өнегелік тұрғыдағы мәнін түсіндіру.

-Зианды әдеттерді қолданудың, пайдаланудың (шылым, арақ, есірткі, АҚТБ\ЖҚТБ) алдын алу жолдарын жетілдіру.

-Жасөспірімдерге есірткі, темекі, алкагольдің денсаулығына өлшеусіз зиян, орны толмас өкініші туғызатын түсіндіру.

-Күйзелісті жағдайларда адамның ақылға жүгінуінің, өзін-өзі сабырға шақыруының маңызын ұғындыру.

Жоспар үш бағытта жасалған: Оқушымен жұмыс, ата- анамен жұмыс, педагогпен жұмыс. Жұмыс түрлері: дәріст, кездесу, пікірталас, танымдық сағат, тренинг, дөңгелек үстел т.б

Қыркүйек айында «Есірткісіз ауыл» акциясы ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушылар арасында нашақорлықтың , есірткі бизнесінің алдын алу, есірткіні тұтынудың зияндылығы және есірткімен байланысты қылмыстар үшін жауаптылық жөнінде оқушыларды ақпараттандыру.



Ақпараттық тақта ұйымдастырылды.

Акцияға аудандық санитариялық-эпидемиологиялық орталық мамандары оқушылармен кездесуге шақырылды. Кездесуге 5-11 сынып оқушылары, мектеп мұғалімдері, мектеп дәрігері қатысты. Кездесу барысында «Есірткінің ағзаға зияны» тақырыбында дәріс оқылды, ақпараттандыру таратпа парақшалары таратылды және кездесуге қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.




Акция барысында мектеп медбибісі Г.Татикова мектеп оқушыларына және педагогтерге «Есірткі дегеніміз не?» тақырыбында дәріс оқыды. Дәріс мақсаты есірткі жөнінде мағлұматпен ақпараттандыру. Дәріс есірткі дегеніміз

не, есірткіні қолдану себептері, есірткіні қолданушы нашақордың негізгі белгілері және оның алдын алу жайлы сұрақтарға жауаптармен қамтылған.



«Біз нашақорлыққа қарсымыз!» плакаттар сайысы ұйымдастырылды. Сайыс 7 «а» және 7 «Б» сыныптары қатысты. **Мақсаты** «Есірткі дегеніміз – қазіргі заманымыздың кесел ауруы» екендігін, есірткілердің дәуірлерден айырмашылығын, олардың аттары, түрлері, ауру белгілерін ажырата білуге үйретіп, алдын алу жолдарын қарастыру, жылдам ойлау алу, тапқырлық, білгірлік, алғырлық таныту, есте сақтау қасиеттерін жетілдіріп, ой-өрісін дамыту. Оқушыларды достық ұйымшылдық, ынтымақтастық қасиеттеріне баулып, есірткімен күрес жолында белсенді болып өсуге тәрбиелеу. Сайыс үш топ арасында өтті. Оқушылар сайысқа белсенділікпен қатысты.





«Есірткімен байланысты қылмыстар үшін жауаптылық» тақырыбында кездесу өтті. Кездесуге Ақтоғай ауданының наркология кабинетінің медбибісі Б. Бекмурзина , ПБ ЖПҚБ КТІЖ УПИ полиция аға лейтенанты Э.Тажимаева ,5-11 сынып оқушылары, мектеп мұғалімдері, мектеп дәрігері қатысты..



Қазан айында «Нашақорлыққа жол жоқ!» пікірталас ұйымдастырылды. Бұл шараға 9 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты «Есірткі дегеніміз – қазіргі заманымыздың кесел ауруы» екендігін, есірткілердің дәуірлерден айырмашылығын, олардың аттары, түрлері, ауру белгілерін ажырата білуге үйретіп, алдын алу жолдарын қарастыру, жылдам ойлау алу, тапқырлық, білгірлік, алғырлық таныту, есте сақтау қасиеттерін жетілдіріп, ой-өрісін дамыту. Оқушыларды достық ұйымшылдық, ынтымақтастық қасиеттеріне баулып, есірткімен күрес жолында белсенді болып өсуге тәрбиелеу. Оқушылар пікірталасқа белсенділікпен қатысты.



Осы айда әлеуметтік педагог Ж.Қалиева 5 сынып оқушыларымен ««Сенің өмірің. Сенің ортаң. Есірткіге – жол жоқ!» тақырыбында тренинг өткізді. **ақырыбы: Тренинг мақсаты:** Жеткіншектердің есірткі мәселесі бойынша ақпараттылық деңгейін жоғарлату, психикалық белсенді заттарды қолдануға қарсы дағдыларын дамыту.



Оқушыларды , ата- аналарды, педагогтарды , жалпы жұртшылықты желі арқылы ақпараттандыру жұмыстары жыл ішінде жүргізіліп отырады.

<https://www.instagram.com/p/CkztpgDoh6x/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>